



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ



ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ



ӨНЕРТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ӨНЕРТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІГІН САБАҚ ҮДЕРІСІНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

”БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ“
КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ, ӨНЕРТАНУ
МАГИСТРІ КЕНЖЕБАЕВА ЛЕЙЛА АБДЫГАНИЕВНА

ҚЫТАЙША – АҒЫЛШЫНША –
ОРЫСША – ҚАЗАҚША, ОРЫСША –
ҚАЗАҚША – АҒЫЛШЫНША –
ҚЫТАЙША, ҚАЗАҚША – ОРЫСША –
АҒЫЛШЫНША – ҚЫТАЙША,
АҒЫЛШЫНША – ОРЫСША –
ҚАЗАҚША – ҚЫТАЙША ӨНЕРТАНУ
ТЕРМИНДЕРІ СӨЗДІГІ –
ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС
ПЕН ТІЛДІК ҮЙЛЕСІМДІЛІКТІҢ
ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Қытайша/ағылшынша/орысша/қазақша
Орысша/қазақша/ағылшынша/қытайша
Қазақша/орысша/ағылшынша/қытайша
Ағылшынша/орысша/қазақша/қытайша

汉英俄哈

俄哈英汉

哈俄英汉

英俄哈汉

艺术学术语词典

ӨНЕРТАНУ СӨЗДІГІ
ТЕРМИНДЕРІ

Китайско/англо/русско/казахский
Русско/казахско/англо/китайский
Казахско/русско/англо/китайский
Англо/русско/казахско/китайский

Chinese/english/russian/kazakh
Russian/kazakh/english/chinese
Kazakh/russian/english/chinese
English/russian/kazakh/chinese

СЛОВАРЬ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИХ
ТЕРМИНОВ

DICTIONARY
OF ART
TERMS

А. Ө. КЕНЖЕБАЕВА, Л. Ө. КЕНЖЕБАЕВА, Н. Ө. КЕНЖЕБАЕВ

БҰЛ ЕҢБЕК ЖОҒАРҒЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНЫҢ «ӨНЕРТАНУ»
БББ; АРНАЛҒАН «КӨРКЕМ
СЫН», «СЫН СЕМИНАРЫ»,
«КӨРКЕМ СЫН ШЕБЕРЛІГІ»,
«ӘЛЕМ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ»,
«ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН
ТЕОРИЯСЫ», «БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ», «ЕЖЕЛГІ
ДӘУІР ӨНЕРІ», «ҚАЗАҚСТАН
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ»,
«ЕЖЕЛГІ КЕЗЕҢНЕН ОРТА
ҒАСЫР ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ», «XX ҒАСЫР БАТЫС
ЕУРОПА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ»
ПӘНДЕРІНЕ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ
РЕТІНДЕ КЕҢІНЕН
ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

КЕНЖЕБАЕВА АИДА ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ
1973 жылғы 15 қарашада Алматы облысында
дүниеге келген. 1990-1995 жылдар аралығында
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің



шығыстану факультеті қытай
филологиясы бөлімінде оқыған.
1993-1994 жылдар аралығында
Ланчжоу университетінде (ҚХР)
және 1997-1998 жылдар аралығында
Чжунчжоу университетінде (ҚХР) тілдік
стажировкаларға болып қайтты.
2000 жылы «Әйелдер прозасындағы
әйел бейнесін сымдау ерекшеліктері»
(қазақ және қытай әдебиеттері негізінде)

атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын
қорғады.
2000-2017 жылдар аралығында әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану
факультеті қытайтану кафедрасының доценті
қызметін атқарды. 2017 жылдан бастап Абылай хан
атындағы Халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің шығыстану факультеті
Қытай және Азия Тынық мұхиты аймақтарының тілі
мен аудармасы кафедрасының доценті қызметін
атқарады. Осындай қытайтану саласында қытай
филологиясын зерттеу бағытында 90-нан астам
ғылыми және оқу-әдістемелік құралдары,
мақалалары бар. Соның ішінде: «XX-XXI ғасырлар
тоғысындағы қытай әдебиеті», «Қытай және қазақ
әдебиеттеріндегі әйелдер прозасының алатын
орны», «Қытайша-орысша-қазақша дыққаша
ғылым-техникалық терминдер сөздігі»,
«Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология
саласындағы терминдер сөздігі», «Қытайша-
орысша-қазақша-ағылшынша аударматану
саласындағы терминдер сөздігі» атты еңбектердің
авторы.

КЕНЖЕБАЕВА ЛЕЙЛА ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ
1978 жылдың 1 мамырында Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы, Тапдыбұлақ ауылында туған.
1993-1996 жылы Республикалық көркемсурет



колледжінде «Сәндік қолөнері» бөлімінің
«Көркемдеп тоқу» мамандығы бойынша
білім алды.
1997-2001 жылы Т. Жүргенов атындағы
Қазақ Мемлекеттік өнер академиясында
«Өнертану» мамандығы бойынша
жоғарғы білім алды.
2001-2003 жылдар аралығында
Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының

магистратурасында «Өнертану» мамандығы
бойынша білім алды.
2002 жылдың қазан айынан бастап
2008 жылдың тамыз айына дейін Т. Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының оқытушысы. 2008 жылдың тамыз
айынан осы күнге дейін «Бейнелеу өнерінің тарихы
мен теориясы» кафедрасында аға оқытушылық
қызметін атқарады.
2014 жылдың 15 маусым айында Польша
мемлекетіндегі Опыштын қаласында Біліктілікті
арттыруға байланысты дәріс алды.
2014 жылдың 14 сәуірінен қыркүйек айына дейін
«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.
А.Ә. Кенжебаева – «Қазақстан», «Білім», «Хабар»
«Kazakh tv» сынды ұлттық арналарда «Бап-бап
тастардың шығу тарихы», «Қазақ әйелдерінің
әшекей бұйымдарындағы ұлттық ерекшеліктері», «Қазақ
және қытай қолданбалы-сәндік өнеріндегі негізгі
ұлттық ерекшеліктері», «Kaz art» және тағы да басқа
қазақ мәдениеті, өнертану саласында тақырып
қозғап, өнер туындыларының өзіндік көзбөлі
турасында сұхбат беріп танылған жас өнертанушы.
Соңғы 20 жыл ішінде А.Ә. Кенжебаева – өнертану
саласына қатысты іс-шараларға, ғылыми
конференциялар мен дөңгелек үстелдерге қатысып,
тартымды баяндама, қызықты мақалалар мен
еңбектер жазып жүрген өнертанушы.



КАЗАХ
УНИВЕРСИТЕТІ
АДЫСТАН

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ
ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДӘБИЕТТЕР ТІЗІМІ
REFERENCE LIST
参考文献

1. Анисимова А.Г. Типология терминов англоязычного искусствоведения: автореферат дис. ... кандидата филологических наук: 10.02.04 / МГУ. Филология. факультет. – М., 1994. – 20 с. РГБ ОД.
2. Митяяр-Белоручева А.П., Овчинникова Н.А. К вопросу об изучении терминов искусствоведения как единиц языка для специальных целей. Вестник ЮУрГУ. №1 серия «Лингвистика», выпуск 12, 2011.
3. Овчинникова Н.А. Системно-функциональный анализ лексических единиц научных искусствоведческих текстов.
4. Борисова Т.Г. Термины как особая единица языка для специальных целей // Языки в современном мире. Материалы конференции. – М., 2004. – Т. 1. – С. 96.
5. Овчинникова Н.А. Специфика терминов искусствоведения // Лингвометодические проблемы преподавания иностранных языков в высшей школе. Межвузовский сборник научных трудов / под ред. Н.И. Иголкиной. Выпуск 8. – Саратов: Саратовский университет. 2011. – С. 8490.
6. Митяяр-Белоручева А.П., Овчинникова Н.А. К вопросу об изучении терминов искусствоведения как единиц языка для специальных целей Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия «Лингвистика». Выпуск 12, №1 [218]. – Челябинск, 2008. – С. 25-28; 0,5 п.л.
7. Овчинникова Н.А. Лексический состав научных искусствоведческих текстов. Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия «Лингвистика», Выпуск 12, № 1 [218]. – Челябинск, 2010. – С. 29-33; 0,5 п.л.
8. Козловская М.В. Особенности искусствоведческого дискурса на английском языке в XX веке и на современном этапе, Дисс.... канд. филол. наук. – М., 2003. – 216 с.
9. Хижняк С.П. Терминология искусствоведения как особый тип терминологическим // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион: Гуманитарные науки, 2014. № 3 (31). – С. 144-150.
10. Конаваленко Т.Г., Капирская К.С. Терминологический аппарат современного искусствоведения как объект перевода <http://scientificjournal.ru/a/114-fil/467-terminologicheskij-apparat.html>
11. Solanbayeva G., Ornamental art of Kazakhstan. Culturology, Sports and Art History
12. Оразбаева Н.А. Көзек жандықшы сәндік өнері. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. – Ленинград: Аврора, 1970. – 207 с.
13. Шалабаева Г.К. Энциклопедия искусства. Терминологический словарь. – Алматы, 2010. – 410 с.
14. Жомекұлы М. Орысша-қазақша өнерату сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1994.
15. Barton, J.N. The Language of Painting. – Cleveland-New-York, 1987; Encyclopedia of the Arts / D.D. Runes, H.G. Schrickel. – Detroit: Book Tower, 1982.
16. Hagger, R. A Dictionary of Art Terms. – London, 1992.
17. Lucie Smith, F. The Thames and Hudson Dictionary of Art Terms. – New York, 1984.
18. The Macmillan Encyclopedia of Art. – London, 1977.
19. Mayer, R. A Dictionary of Art Terms and Techniques. – New-York # Crowell, 1989.
20. Murray, P., Murray, L. The Penguin Dictionary of Art and Artists. – Harmondsworth: Penguin Book, 1978.
21. Mc Gra Hill Dictionary of Art/U S.Myers. – New-York, 1969.

КІРІСПЕ

ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ
КӨПТІЛДІЛІК ПЕН
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС
– ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ АЛҒА
ЖЫЛЖУЫНА ЖОЛ АШАТЫН
БАСТЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ. БҰЛ
РЕТТЕ, ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ
ЖҮЙЕЛЕУ – ҰЛТ ҒЫЛЫМЫН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ
КӨТЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ.
ОСЫ ТҰРҒЫДА 2018 ЖЫЛЫ
ЖАРЫҚ КӨРГЕН, КЕНЖЕБАЕВА
А.Ә. ЖӘНЕ КЕНЖЕБАЕВА Л.Ә.
АВТОРЛЫҒЫМЕН ЖАРЫҚ
КӨРГЕН ӨНЕРТАНУ ТЕРМИНДЕРІ
СӨЗДІГІ – ҚАЗАҚСТАН
ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ БІРЕГЕЙ, АСА
МАҢЫЗДЫ ЕҢБЕК.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанда гуманитарлық оқу орындарында білім алатын студенттер мен ізденушілер үшін керекті өнертану, мәдениеттану, эстетика (әсемдіктану) саласындағы терминдерді құрастырудың қажеттілігі әлдеқашан пісіп жетілді. Қапдай да болмасын сшаны менгеруде ең алдымен сол салада қолданылатын терминдер мен ұғымдардың мағынасын жете түсініп, тану қажет. Өнертану саласында жаңа ұғымдар мен жаңа терминдердің пайда болуына байланысты терминдер аясы жыл санап кеңейіп, өзгеру үстінде. Бұл, әсіресе өнертану саласының басқа да пәндермен (эстетика, физика, психология, философия, математика, әдебиеттану т.б.) араластығы байланыстылығымен сипатталады. Сондықтан өнертану саласындағы атау сөздерді тоқ тілімізге аудару арқылы біз бұл міндеттерді толық шеше алмасак та, тамшыдай болса да үлесімізді қосауға тырыстық.

Сөздікті түзу барысында терминдер мәселесі туралы алғашқылардың бірі болып зерттеген, ұлт мәдениеті мен тілінің қамқоршысы болған, Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының дарынды ұйымдастырушыларының бірі, көрнекті қоғам қайраткері, қалактып біртуар ұлы – Темірбек Қараұлы Жүргенов туралы тоқталып өткіміз келеді. Қазақстанның ұлттық мәдениет пен өнері саласында дарынды мамандар даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының тылбастан өнерге, оқуға тартуға көп үлес қосқан Т. Жүргеновтың қазақ тілінің тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Т. Жүргенов өз кезінде тіл жаңашырларын, әсіресе аялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұрмаланып, шұбарлануынан сақтандырмап болатын. Асыл азаматымыздың: «бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», – деген сөзі күн бүгінге дейін өз көкейкестілігін жоғатқан жоқ. Бар ғұмырын өз ұлтының мәдениеті мен өнері үшін сарп етіп, қылышынан қан тамып тұрған заманда ел мүддесі үшін басып бәйтеге тіккен аза-

маттарымыздың өкімін дәріктеп, таптыстыру, болашақ ұрпаққа паси-кағап жеткізу мақсатында осы сөздікті жазуды қолға алған бола-тынбыз. Ұлт жапашырлары бастап кеткен сара жолды бүгінде үзбей жалғастыру – болашақ ұрпақтың міндеті деп білу керек.

Адамзат баласының өмірінде өнердің маңызы өте үлкен, оның қоғам өміріндегі ролі де аса зор. «Өнер – таусынмас азық», – деп өнер құдіретіне дана халқымыз бас иген. Себебі өнердің адамның жап дүниесін байытп, сезімге сергектік сыйлап, тазалыққа, ізгілікке, сұлулыққа үндес, жүрекке нұр ұялататыптып халқымыз ықпалым мамандардап-ақ тереп түсінген. Ал қазақ өнері әлемдік өнер саласына өзіндік бояуымен, нақышымен жап бір дем әкелген ақ отау іспетті: әлем жұртшылығын өзінің тамаша даусымен тәтті еткен Әміре Қашаубаев, қазақ күйінің атасы атанған Құрманғазы Сағырбаев, Мәскеу сахнасында Қыз Жібек ариясын орындап, дүйім жұртшылықтың көңеліне бөленген Күләш Бәйсейітова, мың бұралтап биімен көркем қауымның көзайымына айналтап Шара Жисенкүлова, қазақ фильмдерінің жап бір деңгейге көтеріп, ұлттық кинематографияның негізін қалаған Шәкен Айманов, қазақ кескіпдемсе өнерінің санлактары атанған Әбілхал Қастеев, Гүлфайруз Исмаилова, Айта Ғалымбаева, қазақ әндерінің керемет қорын қалыптастыруға салмақты үлес қосып, «Қазақ вальсының королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтар есімдері қазақ өнерінің алтын қорынан өзінің лайықты орын тапқан. Қазіргі тапта шетелмен әдеби, мәдени қарым-қатынастардың өрбуіне байланысты қазақ өнеріне, мәдениетіне деген шетел жұртшылығының қызығушылығы күп санап артып келеді. Сондықтан бұл сөздіктің алдына қойған басты мақсаты – қазақ өнерінің шетел жұртшылығына таптыстыру боп табылады.

Алдарыңызға ұсынылып отыртап «Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша, орысша-қазақша-ағылшынша-қытайша, қазақша-орысша-ағылшынша-қытайша, ағылшынша-орысша-қазақша-қытайша өнертану терминдері сөздігі» атты еңбекте өнертану ғылымының,

«ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МИФОЛОГИЯСЫ, АҢЫЗДАРЫ МЕН ЕРТЕГІЛЕРІ» ХРЕСТОМАТИЯ (2021 Ж).



БЕРІЛГЕН ЕҢБЕКТЕ ҚАЗАҚ, ҚЫТАЙ, ЖАПОН, КОРЕЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЙЕЛ ТЕМАТИКАСЫНА ҚАТЫСТЫ МИФТЕРІ МЕН АҢЫЗДАРЫ, ЕРТЕГІЛЕРІ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН. БҰЛ ЕҢБЕК ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ «ӨНЕРТАНУ» МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ӨТІЛЕТІН «ҮНДІ ҚИЫР ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК АЗИЯ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ», «ӘЛЕМ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ», «ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ӨНЕРІ», «ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТЕОРИЯСЫ», «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ», «ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӨНЕРІ», «ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ», «ЕЖЕЛГІ КЕЗЕҢНЕН ОРТА ҒАСЫР ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ», «ӨНЕРДЕГІ МИФОЛОГИЯ» ПӘНДЕРІНЕ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ КУРСТАРДА КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ КЕҢІНЕН ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІН ҚАМТУ АРҚЫЛЫ БҰЛ СӨЗДІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ҚАТЫСУҒА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ
МАҚАЛАЛАРДЫ АУДАРУ, КӨПТІЛДІ ЖОБАЛАР ДАЙЫНДАУ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА
ҚАТЫСУ БАРЫСЫНДА ТАПТЫРМАС ҚҰРАЛ.

СОНЫМЕН ҚАТАР, СӨЗДІКТЕ БЕРІЛГЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ МЕН ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ
АТАУ СӨЗДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТІЛ МАМАНДАРЫ, АУДАРМАШЫЛАР, ӨНЕРТАНУШЫЛАР,
МӘДЕНИЕТТАНУШЫЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР ҮШІН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚҰНДЫ КӨМЕКШІ МАТЕРИАЛ БОЛА АЛАДЫ.

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ТАРИХИ НЕГІЗ

СӨЗДІКТІ ТҮЗУ БАРЫСЫНДА ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІН АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕГЕН, ҰЛТ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТІЛІНЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТҚАН, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ, ӘДЕБИЕТ, ӨНЕР САЛАСЫНЫҢ ДАРЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛҒАН КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ – ТЕМІРБЕК ҚАРАҰЛЫ ЖҮРГЕНОВТІҢ МҰРАСЫНА НАЗАР АУДАРУҒА ТИІСПІЗ.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ МЕН КӘСІБИ МАМАНДАР ДАЯРЛАУҒА ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚАЙРАТКЕР. ОЛ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ӨНЕРГЕ БАУЛЫП, БІЛІМ АЛУҒА КЕҢ ЖОЛ АШҚАН ТҰЛҒА. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ОНЫҢ:

"БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МӘДЕНИЕТКЕ ӨЗ АНА ТІЛІМІЗДІ ЖАҚСЫ БІЛГЕНДЕ, СОНЫ ҮЙРЕНГЕНДЕ ҒАНА ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ" ДЕГЕН СӨЗІ – БҮГІНГІ КҮНІ ДЕ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАҒАН ДАНАЛЫҚ ПІКІР. БҰЛ СӨЗДІК ТЕ – СОЛ ҰЛЫ МҰРАТТЫҢ ЖАЛҒАСЫ.

ӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ
СӨЗДІКТЕ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ САЛАЛАР ҚАМТЫЛҒАН:

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ДИЗАЙН

ЭСТЕТИКА МЕН ӨНЕР ТЕОРИЯСЫ

ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО ӨНЕРІ

МӘДЕНИЕТТАНУ, ӨНЕР СЫНЫ

ЗАМАНАУИ ӨНЕР БАҒЫТТАРЫ МЕН ЖАНРЛАРЫ

ӘРБІР ТЕРМИН ТӨРТ ТІЛДЕ БЕРІЛЕДІ. МЫСАЛЫ:

PALETTE – ПАЛИТРА – БОЯУ ТАҚТА – 调色板

CERAMICS – КЕРАМИКА – ҚЫШ ӨНЕРІ – 陶瓷工艺

CONFESSION – ИСПОВЕДЬ – ТӘУБЕ, – 忏悔

МҰНДАЙ МАЗМҰН – ӨНЕРДІҢ КӘСІБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУМЕН ҚАТАР, ОНЫ ӘРТҮРЛІ ТІЛДІК КЕҢІСТІКТЕ БІРІЗДІ ТҮСІНУГЕ
МҰМКІНДІК БЕРЕДІ.

ҚОРЫТЫНДЫ

СӨЗДІК – ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ ҮШІН ӨНЕР МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ.

ОЛ – ТІЛДІК МӘДЕНИЕТ ПЕН КӘСІБИ ӨНЕР ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ САПАЛЫ ДАМУЫНА НЕГІЗ БОЛА АЛАДЫ. ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМДА ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ТЕРМИНДЕРІН НАҚТЫ ӘРІ ТҮСІНІКТІ ЕТІП

ЖЕТКІЗЕТІН БҰЛ ЕҢБЕК – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДА ҮЛЕС ҚОСАДЫ. ӨНЕРТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР МЕН АУДАРМАШЫЛАР ҮШІН СЕНІМДІ ДЕРЕККӨЗІ БОЛА АЛАТЫН БҰЛ СӨЗДІК, БОЛАШАҚ ОҚУЛЫҚТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРҒА НЕГІЗ БОЛА АЛАДЫ. СӨЗДІККЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ САПАЛЫ АУДАРМАСЫ АРҚЫЛЫ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН БІРІЗДІЛІГІ САҚТАЛАДЫ. ӨНЕР

САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРҒА ДА БҰЛ СӨЗДІК – ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА ҮЛКЕН КӨМЕК. ТЕРМИНДЕРДІҢ КӨПТІЛДІ БАЛАМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ.

СОНЫМЕН ҚАТАР, БҰЛ СӨЗДІК – МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫМЫЗДЫ ЖАҒАНДЫҚ КЕҢІСТІККЕ ШЫҒАРУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ. ӘРБІР ТЕРМИН – ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ҰҒЫМДАР МЕН ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КӨРІНІСІ. БҰЛ СӨЗДІК ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІНЕ ДЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСТЫ. ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ОРАСАН ЗОР. БОЛАШАҚТА БҰЛ БАСТАМА ЖАЛҒАСЫН ТАБУЫ ТИІС.

ӘР САЛАНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН СӨЗДІГІ ҚАЛЫПТАССА – ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫНА КӨТЕРІЛЕДІ. ОСЫ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА, БҰЛ ЕҢБЕК – ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ПЕН БІЛІМНІҢ ТОҒЫСҚАН ТҰСЫНДА ЖАСАЛҒАН ТАРИХИ ЖЕТІСТІК.